

Сарсенова И.Б., Иканова А.С.,
Әділхан А. М.

**Қазақстандағы урбандалудың
даму деңгейі**

Қазақстанда кеңес кезеңі тарихында үлкен көңіл қала қалыптасуының мәселелеріне бөлінген болатын, әсіресе қалалар даму жүйесін орналастыруға. Бұл жерде басым ауылдық орналастыруды ескерген. Қалалар тек қана, Қазақстан экономикалық айырмашылықтар аймақтық теңестіруде ғана емес, елдің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени дамуында рөл атқаруы тиіс. Берілген мақалада Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық талдау жасалынып, қала халқы санын өсу деңгейі көрсетіледі. Сонымен қатар, қала халқының саны бойынша Қазақстан қалаларының типологиясы жасалынған.

Түйін сөздер: урбандалу, қала халқы, қала, елді мекен, аудан, Қазақстан.

Sarsenova I.B., Ikanova A.S.,
Adilhan A.M.

**Development problems of
urbanization level in the
Kazakhstan**

During the Soviet period history in Kazakhstan the urban formation problems especially the development of urban settlement has received much attention. This is due to the fact that there is predominantly rural settlement. Cities should play a significant role not only in the equalization of the regional differences of Kazakhstan's economy, but mainly to create the base areas for the socio-economic, scientific-technical and cultural development of the country. The quantitative indicators of urban areas and the urban population of Kazakhstan had been analyzed, also the typology of cities on the basis of number of population created in this paper.

Key words: urbanization, urban population, city, settlement, district, Kazakhstan.

Сарсенова И.Б., Иканова А.С.,
Адилхан А.М.

**Проблемы развития
урбанизационных процессов
в Казахстане**

В Казахстане в советский период истории уделялось большое внимание проблемам градоформирования, особенно развитию системы городского расселения. Это обусловлено тем, что здесь преобладало сельское расселение. Города должны были сыграть значительную роль не только в выравнивании региональных различий экономики Казахстана, но и главным образом создать своего рода опорные базы для социально-экономического, научно-технического и культурного развития страны. В данной статье проанализированы количественные показатели городских территорий и городского населения Казахстана, а также составлена типология городов по численности населения.

Ключевые слова: урбанизация, городское население, город, населенный пункт, район, Казахстан.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНДАЛУДЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ

Кіріспе

Қалалар қоғам өмірінде бәрімізге белгілі үдемелі рөл ойнайды. Барлық заманауи мемлекеттерде қалалар халықтың өмірінде экономикалық, саяси және мәдени – рухани орталықтары болғанын айтуға болады. Тек қалаларда ғана үдемелі даму жүзеге асады. Қаланы қоғамдық өндірістің белгілі бір жүйесінде қоғамның ұйымдастыру әлеуметтік-кеңістіктік формасын заңды ресімделген және шектелген аумақ ретінде анықтауға болады.

Қаланы күрделі және көпөлшемді организм ретінде қарастыру керек, себебі мұнда әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және т.б. құбылыстар қабаттасады. Қала экономикалық аймақтың бірлескен орталығы ретінде көрініс бере отырып, қоғамдық еңбек бөлінісінің жетекші бөлігі болып табылады. Тек қалаларда ғана барлық үдемелі инновациялар туылады, тек қалаларда ғана қоғам дамуының қозғаушы және тірек базасының өзіндік рөлі қалыптасады.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі болып қала халқының саны, әлеуметтік, өмір сүру деңгейі құрылымындағы бұрын болған және қазіргі болып жатқан өзгерістерді ғылыми-негіздемелік бағалау қажеттілігі заманауи өткір әлеуметтік-демографиялық мәселелерді шешу мақсатында негізгі фактор болып табылады.

Зерттеу әдістемесі

КСРО кезінде қала құрылысы практикасында қала елдімекенін адамдар санына байланысты келесі шкала ең көп қолданысқа ие болды: қала типтес кенттер мен шағын қалалар – 50 мың тұрғынға дейін, орташа – 50-100 мың тұрғын, үлкен – 100-250 мың тұрғын, ірі – 250-500 мың тұрғын, аса ірі – 500-1 млн. тұрғын, «миллионер» қалалар – 1 млн. тұрғыннан жоғары.

Шағын қалаларды бөлу критериясына Л.А. Велиховтің [1] пікірі бойынша, әлеуметтік-экономикалық көзқарасы тұрғысынан алсақ, қала халық санына қатысты, яғни қалалардың жалпы белгілеріне көп немесе аз мөлшерде салыстырмалы түрде шектелген аумаққа адамдардың үнемі жиналуы. Іс жүзінде қаланың үш типі жиі кездеседі: шағын, орташа және ірі қалалар. Халық

саны 10 мың адам болатын елдімекенді қала деп есептеу теориялық тұрғыда дұрыс, дегенмен еуропалық практика мен заманауи жағдайларды ескерсек, Л.А. Велиховпен 5 мың адамы бар елдімекенді қала және қалалық шаруашылығы бар елдімекен деп есептеуді ұсынады.

Аса үлкен емес және орташа, орташа және ірі қалалар арасындағы шекараларды анықтау қиындылығын және еуропалық практиканы ескере отырып, олармен адам саны бойынша қалалардың келесі жіктелуі беріледі:

1. 5-20 мың тұрғыны бар үлкен емес (немесе ұсақ) қалалар;
2. 20-100 мың тұрғыны бар орташа қалалар;
3. 100 мың тұрғыннан астам ірі (немесе үлкен) қалалар;

5 мыңнан аз халқы бар, тіпті сауда-өнеркәсіппен шұғылданатын қалаларды ресми қалалар деп, ал миллионнан астам тұрғыны бар қалаларды – алып қалалар немесе дүниежүзілік қалалар деп атауды ұсынды.

Б.С. Хорев [2] 50 мың тұрғыны бар шегінде шағын қалалардың жоғарғы шекарасы орнатудың дұрыс емес екендігін атап өтті. Ресейлік демографиялық статистикада, қалалардың шетелдік жіктелуінде, белгілі кеңестік қалатанушылардың еңбектерінде В.Г. Давидович [3], О.А. Константиновтің [4] және т.б еңбектерінде шағын қалаларға халық саны 20 мыңға дейін елдімекенді шағын қалаларға жатқызады. Неміс жіктелуінде қала елдімекенін шағын қалалар қатынасында айтарлықтай бөлшектік бөлу (ірі қалалар – 100 мыңнан астам, орташа – 20-100 мың, ұсақ – 5-20 мың, ауылдық қалалар – 2-5 мың, ергежейлі – 2 мыңнан аз) қабылданған.

Шағын қалаға елдімекен ретінде сипаттамасы К.К. Хачатрянцпен [5] берілді, яғни ол елдімекеннің әлеуметтік типін анықтау үшін критерия ұсынылды. Қаланы ауыл сияқты жіктеуге рұқсат беретін жалпы белгілеріне адам саны мен шамасы; экономикалық өндірістегі (жартылай қызметтік, өнеркәсіптік, аграрлы, курорттық және т.с.с) қызметі; әкімшілік шеңбері (астана, әкімшілік-аумақтық бірлік орталығы, қатардағы елдімекен); даму қарқыны мен бағыттылығы (тез өсуші, өсуші, баяу); шығу тегі (тарихи қалыптасқан және жаңа) жатады.

Осы уақытқа дейін отандық ғылыми әдебиеттерде айтарлықтай шағын қалалардағы адам өмір сүру сапасын зерттеуге назар аударылмай келді.

Халық саны 20 мыңға дейін елді мекенді Ф.М. Листенгурт [6], В.Г. Давидович [3] және басқа да авторлар қатары шағын қалалар қата-

рына жатқызады, сонымен қатар берілген жұмыс автордың экспедициялық материалымен дәлелденеді. Шағын қала аса үлкен қалалардан шаруашылық құрылымымен, құрылысымен, инфрақұрылымның дамуымен және ең соңында ауылға ұқсас «терең» атмосферасымен, яғни тіршілік ету ортасының сипатымен ерекшеленеді.

Автордың есептеуінше, шағын қала ұғымы бүгінде ең нақты анықтаманы қажет етеді. Шағын қаланы басқа қалалардан ерекшеленетін критериялары тәртіп бойынша тек тұрғындар санымен және олардың белгілі бір әлеуметтік құрамымен шектелмейді. Шағын қаланы басқару нысаны ретінде, статистикалық есеп беру және бірге өмір сүру іс-әрекетінің формасы ретінде нақты бір аумақта халықтың ұдайы өсуі ретінде қарастыру керек. Осыдан қорытынды жасай отырып, қала деп кем дегенде қажетті белгілері бар, яғни берілген аймаққа немесе қоғамға тән халық саны мен әлеуметтік құрамы, қажетті әлеуметтік «білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, тұрғын үй, еңбекпен қамту» және басқа да қажеттіліктерді қамтамасыз ететін өзіндік мүмкіндіктерімен сипатталады.

Нәтижелері мен талдау

Үлкен қалаларда демографиялық жағдайды зерттеу тұтас алғанда, оны ел бойынша (сәйкесінше, демографиялық үдерістер ағымында айтарлықтай айырмашылықтар ескере отырып) белгілі бір деңгейде болжауға рұқсат береді. Шамасы және қызметтік типі әртүрлі қалаларда демографиялық жағдай ерекше болады. Ең қолайлы демографиялық үдерістер көпқызметті дамыған орташа қалалар (50 мыңнан 100 мыңға дейін адам) мен белгілі бір категориялы үлкен қалалар үшін (100 мыңнан 250 мың адамға дейін) тән. Ең қолайсыз демографиялық жағдай (халықтың жастық-жыныстық құрылымының теңсіздігін ескере отырып) аса ірі (халқы 20 мыңға дейін, әсіресе 10 мың адамға дейін) маманданған қалаларда қалыптасады.

Қазіргі уақытта Қазақстан әлеуметтік-экономикалық дамудың постиндустриялы дамуын өткере отырып, индустриялы қоғам қалыптасуының алдында тұр. Осыған қоса, Қазақстанда өз шешімін талап ететін шынайы мәселелер бар. Халық саны 17 млн. адамнан астам болатын республикада 2,5 млн-ға жуық халық еңбекпен шұғылданса, 0,5 млн-ға жуық халық жұмыссыз болып табылады. Сонымен қатар, қала және ауыл халқы арасында қалыптасқан арақатынасы 57% және 43% қатынасы алаңдатады.

Қазақстан Республикасында 2013 жылдың 1 қаңтарына сәйкес республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар саны 86 құрады. Бұл Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісін толығырақ 1-кестеден көруге болады [7].

Қазақстан Республикасының 2013 жылдың 1 қаңтарындағы санағы бойынша 14 облыс, 2

республикалық маңызы бар қала, 175 аудан, республикалық маңызы бар қалалардағы 10 аудан, облыстық және аудандық маңызы бар 40 және 45 қала, облыстық маңызы бар қалалардағы 5 аудан, 2478 кент және ауыл әкімшіліктері, 35 кент және 6904 ауылдық елді-мекендер жатады. Бұл дегеніміз, Қазақстанда ауыл және кентті елді мекендердің басымдылығын байқатады.

1-кесте – 2013 жылдың 1 қаңтары бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісі

	Аудандар			Елді мекендер					Әкім аппараты			
	Барлығы	одан: қалалардағы аудандар		Барлығы	Қалалар		Кенттер	Ауылдар	Кенттік		Ауылдық (селолық)	
		Республикалық маңызы бар	Облыстық маңызы бар		Одан:				барлығы	ДЕМ	барлығы	ДЕМ
					Облыстық маңызы бар	Аудандық маңызы бар						
Қазақстан Республикасы	175	10	5	87	40	45	34	6904	34	22	2444	627
Ақмола	17			10	2	8	5	623	5	3	235	56
Ақтөбе	12			8	1	7		384			142	31
Алматы	16			10	3	7	1	759	1	1	251	49
Атырау	7			2	1	1	2	173	2		71	26
Батыс Қазақстан	12			2	1	1	4	446	4	1	155	26
Жамбыл	10			4	1	3		373			152	39
Қарағанды	11		2	11	9	2	10	421	10	9	192	74
Қостанай	16			5	4	1	3	631	3	2	250	82
Қызылорда	7			4	2	2	2	263	2		143	81
Маңғыстау	5			3	2	1		58			44	34
Оңтүстік Қазақстан	14		3	8	4	4		879			186	21
Павлодар	10			3	3		4	405	4	4	169	46
Солтүстік Қазақстан	13			5	1	4		703			202	20
Шығыс Қазақстан	15			10	6	4	3	186	3	242	252	42
Астана	3	3		1								
Алматы	7	7		1								

Қазақстан Республикасының 2013 жылдың 1 қаңтарындағы санағы бойынша 14 облыс, 2 республикалық маңызы бар қала, 175 аудан, республикалық маңызы бар қалалардағы 10 аудан, облыстық және аудандық маңызы бар 40 және 45 қала, облыстық маңызы бар қалалардағы 5 аудан, 2478 кент және ауыл әкімшіліктері, 35 кент және 6904 ауылдық елді мекендер жатады. Бұл дегеніміз, Қазақстанда ауыл және кентті елді мекендердің басымдылығын байқатады.

1999 жылдың халық санағы бойынша халық саны 14953,1 млн адамды құрады. Жалпы санақтан 8377,3 мың адам қалалық елді мекендерде тұрса, 6575,8 мың адам ауылдық елді мекендерде тұрды. Қазақстан халқы 84 қала және 200 қала типтес кенттерде, 2036 ауылдық округтерде және 7684 ауыл елді мекендерінде қоныстанған.

2015 жылдың 1 қаңтарыдағы есеп бойынша республиканың халық саны 17439300 мың адамды құрады, соның ішінде қалалық мекендер-

де – 9643,3 мың және ауылдық елді мекендерде – 7793 мың адам қоныстанған. Сонымен бірге, әкімшілік-аумақтық қайта құрылулар нәтижесінде халық санақтарының аралық уақытында қала халқының үлесі 56% – дан 55,3% – ға азайса, ал ауылдық елді мекендерде тұратын тұрғындардың үлесі 44,7% – ға артқан. 2014 жылғы 1 қаңтардағы есептеулермен салыстырғанда 252,3 мың адам яғни 1,3 3% – ға өсті.

Ауыл халқы санының аз уақыт аралығында өсу себебі 04.11.2006 жылғы ҚР № 184-3 «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» ҚР Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу» Заңының 2007 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енуіне сәйкес, 700 мың тұрғыны бар 122 қала қалалық елді мекендер ауыл категориясына өтсе, ал 28 қала типтес кенттер түрлі жылдарда санақ аралық уақыт аралығында ауылдық елді мекендеріне қатыстырылды.

Шамамен 100 мыңнан 500 мыңға дейін халық саны бар қала халқы үлесі 50% – ға жуығы 18 қалада тұрып жатыр. Республикада 50 мыңнан аса тұрғыны бар 26 қала бар. Қазақстанның ең ірі қаласы ретінде Алматы болып табылады, 2009 жылдың 1 қаңтардағы есебі бойынша қалада 1364,6 мың адам тұрады. Осымен қоса, 1999 жылы халық санағы бойынша қалада 1129,4 мың адам тіркелген болатын.

Халық санағы аралықтарында халық санының өсуі келесе қалаларда байқалды: Астанада (2 еседен астам), Атырау, Кентау, Шымкентте

(1,5 есеге), Қызылордада (4,7%-ға), Алматыда (20,8%-ға), Таразда (5,3%-ға) өскен. Қостанай, Петропавл, Өскемен қалаларында халық саны азайған.

Республикада 6904 ауылдық елді мекендер бар. Олардың ішінен 344 (4,5%) ірі болып табылады және олардың әрқайсысында 3-тен 5 мыңға дейін халық тұрады. Осындай ауылдарға жалпы ауылды елді мекендердің үштен бір бөлігі сәйкес келеді, немесе 2010,7 мың адам. Осы уақытта 200 тұрғыны бар 2084 (27,1%) кішігірім ауылдық елді мекендерде жалпы ауыл халқы санының 3,2% үлесі ғана, немесе 211,4 мың адам тұрады. 1999 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша республикада тұрғыны жоқ 306 ауылдық елді мекендер тіркелген. Сонымен қатар, Қазақстанда тұрғындар саны 50 мың адамнан аспайтын 60 шағын қалалар бар.

Олардың қатарында 45 шағын қалалар сәйкесінше ауылдық аудандардың әкімшілік орталығы болып табылады, бұл шағын қалалар санынан 68% және ауыл аудандары санының 25% құрайды. Ауылдық аудандардың орталығына жатпайтын 19 кіші қалалар қатары бар: Степногорск, Темір, Ембі, Жем, Қапшағай, Текелі, Шар, Серебрянск, Курчатов, Шу, Шахтинск, Сарань, Приозерск, Қаражал, Лисаков, Арқалық, Ақсу, Қазалы, Жанаөзен. Олардың кейбірі облыстық маңызы бар қалалар қатарына жатады, қалған бөлігі аудандардың бірігуіне байланысты аудан орталығы мәртебесін жоғалтқан қалалар болып табылады.

2-кесте – 1979-2009 жылдар аралығы бойынша қалалардағы халық саны, адам


	1979	1989	1999	2009	Ірі қалалардың атауы	Ірі қалалардың саны
Астана	238895	289210	328341	613006		
Алматы	957889	1073130	1130621	1365632		
Ақмола	428218	502508	380522	341915	Көкшетау, Степногор	2
Ақтөбе	290850	399004	377603	461050	Ақтөбе	1
Алматы	418606	537040	464953	416858	Талдықорған, Қапшағай, Текелі	3
Атырау	209444	242569	242673	238936	Атырау	1
Батыс Қазақстан	217312	267265	251670	277751	Орал	1
Жамбыл	409355	486478	452023	404535	Тараз	1
Қарағанды	1411301	1426090	1158706	1040203	Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Приозер, Саран, Сәтбаев, Теміртау, Шахтинск	9
Қостанай	497158	620189	554112	439554	Қостанай, Арқалық, Лисаковск, Рудный	4
Қызылорда	372732	373368	389781	284248	Қызылорда, Байқоңыр	2

	1979	1989	1999	2009	Ірі қалалардың атауы	Ірі қалалардың саны
Маңғыстау	216860	287239	246848	263182	Ақтау, Жаңаөзен	2
Оңтүстік Қазақстан	667213	803415	793241	972072	Шымкент, Арыс, Кентау Түркістан	4
Павлодар	456746	602643	511448	504579	Павлодар, Ақсу, Екібастұз	3
Солтүстік Қазақстан	284886	327585	274744	237436	Петропавл	1
Шығыс Қазақстан	902992	1030167	898497	801475	Өскемен, Аягөз, Зыряновск, Курчатов, Риддер, Семей	6

Екінші кестеден байқайтын болсақ, халық санының өсімі кейбір қалаларда көбейсе, кейбір қалаларда халық саны керісінше төмендеген. Бұның басты себебі, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін өндіріс орындары тез қысқаруының нәтижесінде, ірі және шағын қалаларда жұмыссыздықтың күрт артуымен түсіндіріледі. Аталған өзгерісті байқау үшін бұл көріністі диаграмма түрінде қарастырған жөн (1-сурет).

Республикалық маңызы бар ірі қалаларда халық саны тез өссе, мәселен Астананың халық саны 10 жыл ішінде екі есеге өскенін көруге болады, осындай өзгеріс Алматы қаласында да байқалады, ал басқа қалған шағын қалаларда халық саны азайғанын көруге болады. 1990 жылдарда бұрынғы Кеңес Одағының ыдырау салдарынан Қазақстан Республикасы үлкен әлеуметтік және экономикалық өзгерістерді басынан өткерді. Әсіресе 1990 жылдың бірінші жартыжылдығын-

да нарықтық жағдайға сәйкес келмейтін ірі өндірістік-өнеркәсіп кешендері макроэкономикалық тұрақсыздыққа ұшырады. Қазақстанның табиғи байлықтары артықшылықтар мен жайлы жағдай ғана емес, сонымен қатар экономиканың ресурстық бейімділігін арттырып және осыған сәйкес дүниежүзілік нарықтағы мұнай бағасының тербеуіне тәуелділікті тудыратын мемлекет қорының тұрақсыздану мәселелерін де тудырмай қоймады [8]. Халық санының барынша өсімі Маңғыстау облысында – 54,3%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 24,8%, Астана қаласында – 86,7%, Алматы қаласында – 20,8% болды. Ал Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Ақмола облыстарында халық саны 17,8%, 12,9% және 10,9%-ға азайды. Оңтүстік Қазақстан облысының қала халқы саны 178831 адамға немесе 1,2 есеге артты, ал ауылдық мекендердің арасында Маңғыстау облысында: 154389 адам немесе 3,3 есеге өсті.



1-сурет – 1979, 1989, 1999 және 2009 жылдардағы қала халқы санының серпіні

3-кесте – Халық саны бойынша Қазақстандағы қалалардың жіктелуі

Қала миллионер	Саны	Халық саны	Қалалар типі
Алматы	1	1 млн. адамнан астам	1 – республикалық маңызы бар қала типі
Аса ірі қалалар	2	500000 – 1 млн. адам	
Астана, Шымкент			
Ірі қалалар	6	250000 – 500000	2 – әкімшілік орталығы бар қала типі
Қарағанды, Ақтөбе, Павлодар, Тараз, Өскемен, Семей			
Үлкен қалалар			
Орал, Қостанай, Қызылорда, Петропавл Атырау, Теміртау, Ақтау, Көкшетау, Түркістан, Екібастұз, Талдықорған, Рудный	12	100000 – 250000	
Орташа қалалар	9	50000-100000	3 – жұмысшы типтес қала типі
Жаңаөзен, Жезқазған, Балқаш, Сәтбаев, Степногор, Кентау, Шахтинск, Риддер, Саран			
Шағын қалалар			
Ақсу, Лисаковск, Қапшағай, Зыряновск, Арыс, Аягөз, Байқоңыр, Арқалық, Текелі, Қаражал, Приозер, Курчатов	12	10000 -50000	

Сонымен қатар, халықтың мемлекет аумағында бірыңғай таралмауы арқасында әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелерді тудырып отыр. Статистикалық мәліметтерге сүйеніп, Қазақстан қалаларын халық саны бойынша жіктеуге болады. Мұндай жіктеулер Қазақстанның урбандалған аумақтарындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістерді нақтырақ зерттеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Сонымен, қорыта келгенде, урбандалу үдерісі демографиялық көрсеткіштерге өз әсерін тигізбей қоймайды. Қала халқының көбеюіне табиғи өсім айтарлықтай үлес қосады. Қала халқының басқа ауданға, мемлекетке қоныс аудару мерзімінде осы фактор ескеріледі, кеткендердің орнын табиғи өсім толтырады. Ендігі кезекте

бұл мәселе мемлекет тарапынан шешім табуы тиіс. Өйткені, Қазақстанда халықты қайта қоныстандыру үлгілерін жоспарлауды қажет етеді. Кез-келген өркениетті елдердегі урбандалу үдерістері бірнеше ғасырлар бойы жүргізілсе, олардың қала тіршілігіне үйренуі кедергісіз, жоспарлы жүргізілді. Ал жедел қарқынмен жүргізілген республикамыздағы урбандалу үдерісінің жағымсыз салдары кез келген аймақтарда, әсіресе агломерацияда айқын сезіледі. Ішкі көші-қон ағымдарын реттеу үшін агломерацияның өзінде шаруашылығы жан-жақты жетілдірілген орталық аймақтар құрып, дамыған инфрақұрылымы бар, шаруашылыққа жағымды жағдайлар жасалған тірек тұрғын орталықтарға халықты қоныстандыру керек. Қаланың экономикалық географиялық орналасуы, тарихи, табиғи факторлар урбандалған аумақтардың демографиялық жағдайына тікелей әсері ескеріледі.

Әдебиеттер

- 1 Велихов Л.А. Основы городского хозяйства. – Обнинск: Институт муниципального управления, 1995. – С. 43-49.
- 2 Хорев Б.С. Проблемы городов (урбанизация и единая система расселения в СССР). – М.: Мысль, 1975. – 710 с.
- 3 Давидович В.Г. О плотности сети городского транспорта // Труды МИЭИ. Городское хозяйство. – М., 1955. – Вып.6. – С.31-51.
- 4 Константинов О.А. Городские поселения Урала // Вопросы географии: сборник. – М.: Издательство географической литературы, 1956. – № 38. – С. 78-103.
- 5 Хачатрянц К.К. Социальные основы архитектурного проектирования: учебник для ВУЗов. – М.: Стройиздат, 1990. – 343 с.

- 6 Листенгурт Ф.М. Критерии выделения крупномасштабных агломераций в СССР // Изв. АН СССР: сер.геогр. – 1975. – № 1. – С.41-1-49.
- 7 Демографический ежегодник. Агентство РК по статистике, 2010. – С 8.
- 8 Форрестер Дж. Динамика развития города. Пер. с англ. – М.: Прогресс, 2000. – 287 с.

References

- 1 Velihov L.A. Osnovy gorodskogo hozjajstva. – Obninsk: Institut municipal'nogo upravlenija, 1995. – S. 43-49.
- 2 Horev B.S. Problemy gorodov (urbanizacija i edinaja sistema rasselenija v SSSR). – M.: Mysl', 1975. – 710 s.
- 3 Davidovich V.G. O plotnosti seti gorodskogo transporta // Trudy MIJeI. Gorodskoe hozjajstvo. – M., 1955. – Vyp.6. – S.31-51.
- 4 Konstantinov O.A. Gorodskie poselenija Urala // Voprosy geografii: sbornik. – M.: Izdatel'stvo geograficheskoy literatury, 1956. – № 38. – S. 78-103.
- 5 Hachatrjanc K.K. Social'nye osnovy arhitekturnogo proektirovanija: uchebnik dlja VUZov. – M.: Strojizdat, 1990. – 343 s.
- 6 Listengurt F.M. Kriterii vydelenija krupnomasshtabnyh aglomeracij v SSSR // Izv. AN SSSR: ser.geogr. – 1975. – № 1. – S.41-1-49.
- 7 Demograficheskij ezhegodnik. Agentstvo RK po statistike, 2010. – S 8.
- 8 Forrester Dzh. Dinamika razvitiya goroda. Per. s angl. – M.: Progress, 2000. – 287 s.